

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ

**«Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру» факультетінің
2022-2023 оқу жылындағы Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі
комиссиясының №7 мәжілісінің хаттамасы**

**Шымкент қаласы
Бас ғимарат 205 аудитория**

**29.03.2023 ж
сағ 15-00**

Қатысқандар: Комиссия төрағасы:

1. Э. Алиева – магистр-аға оқытушы

Комиссия мүшелері:

2. П. Калменова - м.ғ.к., доцент
3. Б. Сахова - магистр аға оқытушы
4. Т. Орманов - б.ғ.к., аға оқытушы
5. А. Дауреханов - м.ғ.д., доцент
6. А. Оспанова - м.ғ.к, аға оқытушы
7. Ж. Атжан - оқытушы
8. Т. Джавланов - оқытушы
9. Н. Шапамбаева - м.ғ.к., доцент
10. С. Жаханова - аға оқытушы
11. Г. Калдыгозова - м.ғ.к, аға оқытушы
12. Б. Сатимова - ОУҰБ басшысы
13. Б.Остемиров - 5B130100 - Жалпы 7 курс интерні
14. А. Алихан – R014 Радиология 1 курс резиденті
15. М. Шалтаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шақырылғандар:

16. С.А.Туктибаева – PhD, факультет деканы

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру
3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына,

мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау;

4. Әр түрлі мәселелер

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Э.Н.Алиева: Жұмыс берушілердің сауалнамасын жүргізу жазғы сессиядан кейін іске асырылады. Жұмысқа орналасқан бітірушілердің білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары мен тілектері білім беру бағдарламасын құрастыру барысында назарға алынады, қажетті талап етілетін мамандықтар бойынша таңдау пәндері енгізіледі.

Шешім:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамасын ұйымдастыруға жауапты әр кафедраның меңгерушілері.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе ФСҚЕЖК төрағасы Э.Н.Алиева: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында оқу жылында екі рет сессиядан кейін сауалнама ұйымдастырылады. Сауалнама нәтижесі факультет кеңесінде және кафедра мәжілістерінде талқыланып, тиісті шаралар қолданылады.

Шешім:

1. ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін сауалнамаға білімгерлердің толық қатысуын қадағалау жұмысына мониторинг жасауға жауапты АКК-не және оқу бөлімі.

3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау бойынша факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Э.Н.Алиева сөз алды: Жаңа 2023-20243 оқу жылына келесі 4 ББ бағдарламалары әзірленуде:

1. 7R01143 - R043 Терапиялық стоматология
2. 7R01119 - R028 Неонтология
3. 7R01103- R003 Аллергология, иммунология ересектердің, балалардың
4. 7R01107- R007 Пульмонология ересектердің, балалардың

Аталған ББ бойынша қажетті толықтырулар мен түзетулер жасалған. Соңғы түзетілген нұсқасы Түркістан орталығына жауапты маманға жіберілді. ESUVO енгізуге толық дайын.

Шешім:

1. ББ кейінгі мониторинг жасау АКК-ы жауапты.

4. Өр түрлі мәселелер

4.1. Сауалнама ұйымдастыру бойынша мансап бөлімінің маманы Г.Меңлібаева сөз алды: « Құрметті ОПҚ!!! Сауалнаманы нәтижелі жүргізу үшін барлық кафедралардың меңгерушілері және топ жетекшілері білімгерлердің 100% қатысуын қадағалау керексіздер ».

Шешім:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамасын ұйымдастыруға жауапты маман мансап бөлімінің маманы Г.Меңлібаева.

2. Нәтижесі факультет кеңесінде және кафедра мәжілістерінде талқыланып, тиісті шаралар қолданылсын.

4.2. ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау бойынша оқу бөлімінің басшысы – Б. Сатимова сөз алды: «Құрметті ОПҚ және кафедра меңгерушілері !!! Сіздердің тараптарыңыздан жасалынған БББ-ның кредит сандарын дұрыстап есептеңіздер және оқу үрдісін нақтылау керексіздер »

Шешім:

1. БББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне, кредит сандарына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін қадағалау мақсатында жауапты оқу бөлімінің басшысы – Б. Сатимова .

ФСҚЕК төрағасы:



Э.Н.Алиева

Хатшы:



А.Б.Джаппаркулова